

## Тақырыбы: "Біз қауіпсіз әлемнің бүлдіршіндеріміз!"

**Мақсаты:** Төтенше жағдайлар, жөнінде білімдерін кеңейтіп, олардан сақтану жолдарымен, балалардың ой-өрісін, тілін дамыту. Балаларды қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиеші қызметі	Балалар қызметі
<p><b>Мотивациялық қозғаушылық</b></p>	<p><b>Ұйымдастыру кезеңі:</b>                      Біз қандаймыз, қандаймыз!                      Шұғылалы таңдаймыз                      Ренжуді білмейміз.                      Қуанасың сенде,                      Қуанамын менде,                      Қуанайық достарым                      Арайлап атқан күнге!                      Собрались все дети в круг,                      Я твой друг и ты мой друг,                      Вместе за руки возьмемся,                      И друг-другу улыбнемся</p>	<p>Біз қандаймыз, қандаймыз!                      Шұғылалы таңдаймыз                      Ренжуді білмейміз.                      Қуанасың сенде,                      Қуанамын менде,                      Қуанайық достарым                      Арайлап атқан күнге!                      Собрались все дети в круг,                      Я твой друг и ты мой друг,                      Вместе за руки возьмемся,                      И друг-другу улыбнемся</p>
<p><b>Ұйымдастырушылық ізденістік</b></p>	<p><b>Тәрбиеші:</b>                      Қайырлы күн балалар! Бүгін бізде ерекше күн. Оқу қызметімізді бастамастан бұрын, менің сұрағыма жауап беріндерші.                      -Балалар, қазір қандай мезгіл?                      -Ал, көктем ерекшеліктері қандай болады?</p> <p>— Балалар жаңбыр, найзағай – олар табиғи құбылыстарға жатады екен. Мөлшерден тыс жаңбыр көп жауса, төтенше жағдай тудырады. Өрттің шалуы, су тасқыны да төтенше жағдайды тудырады екен. Балалар бүгін біз осы табиғатта болатын төтенше жағдайлар туралы әңгімелеспекпіз.                      Бейне таспаға назар аударайық.</p> <p><b>Тәрбиеші:</b>                      1. Сіріңке мен оттықпен ойнамауымыз керек. Олар өртке әкеліп соқтыруы мүмкін.                      2. Газ плитасына жақындамау керек.                      3. Газ плитасы жанып тұрған кезде асханада жалғыз қалмау.                      4. Разеткаға жақындама, оған әрбір заттарды тықпа, әйтпесе ток ұрады.                      5. Аулада от жақпа ол өртке әкеліп соғуы мүмкін.                      Ғажайып сәт: Ішке бала келеді. Қолын жарақаттап.                      -Құтқарындар, құтқарындар, қолымды ауыртып алдым.                      Тәрбиеші: Балақай не болды?                      -Рұқсатсыз сіріңке алып едім, енді қолымды күйдіріп алдым. (жылайды)                      Тәрбиеші: Жылама, қазір жедел жәрдемді шақырамын. (телефонмен шалады.)                      Дәрігер келеді: Салематсыздар ма. Қазір көмек көрсетемін. Неге абайламайсың?                      Балалар, егер денелеріңде бір жарақат болса, міндетті түрде жедел жәрдемді шақырамыз. Тек қана үлкендердің көмегімен шақырасындар. Бірақ та абай жүріңдер, сақ болыңдар.                      Тәрбиеші: Рахмет сізге., Ал егер де абайсызда өрт шығатын болса, өрт сөндірушіні шақырамыз.                      Дабыл қағып өрт сөндіруші келеді.  <b>Өрт сөндіруші:</b> Салематсыздар ма, балалар. Мен өрт сөндірушімін. Төтенше жағдай болған кезде, яғни өрт болған жағдайда, мен көмекке келемін. Менің қызыл түсті өрт сөндіргіш машинама бар. Мен дабыл қағып, тез арада келіп жетемін. От пен су тілсіз жау. Мені мұқият тыңдаңдар:                      1. Сіріңкені жақпандар және оны қолдарыңа ұстамаңдар ;</p>	<p>Көктем                      Қар ериді, жаңбыр жауады, ағаштан бүршік атып, жапырақтар өседі, шөп пен гүлдер өседі.</p> <p>Балалар мұқият қарайды.</p>

	<p>2.Сіріңкемен ойнамаңдар; 3.Үтікті қосып кетуге болмайды.; 4.Электр тоғына бөгде затты қоспаңдар. 5.Далада отты жағып,сөндірмей кетмеңдер. Тәрбиеші:Біздің балалардың сіздерге арналған тақпақтары бар.</p> <p>Қоштасып шығып кетеді. Дидактикалық ойын : "Тауып ал" Шарты: берілген сурет бойынша орналастыру. Сергіту сәті.</p>	<p>Омар: Оттың ісі қуырмақ Желдің ісі суырмақ Қазір жанған жалынды Алып ұшып қуалмақ Аружан: Әжеме тіс саламын Көзіне әйнек тағамын, Сондықтан да өскенде Мен дәрігер боламын</p>
<p><b>Рефлексивті түзетушілік</b></p>	<p><b>Қорытынды:</b> Дидактикалық ойын: «Болады — болмайды» Ойынның шарты: Қолдарына жалауша алады. Қызыл түсті – болмайтын жағдайда көтересіңдер, ал жасыл түсті- болатын жағдайда көтересіңдер. -Сіріңкемен ,отпен ойнауға бола ма? -Үшкір нәрсе,пышақ,ине,қайшыны ұстауға бола ма? -Ауырып қалған кезде,жедел жәрдемді шақыруға бола ма? -Өрт сөндіруші бізді емдей ма? -Дәрігер бізді емдей ма? Дәрігер өрт сөндіре ма? -Балалар абай болып,сақ болып жүреміз бе?</p> <p><b>Мадақтау:</b> -Жарайсыңдар балалар, бәрің де жақсы қатыстыңдар!</p>	<p>Жоқ Жоқ ,болмайды Ия,шақыру керек. Жоқ едемейді Ия ,ауырып қалсақ бізді емдейді Жоқ сөндірмейді,дәрігер емдейді. Әрине</p>

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Төтенше жағдайлар, жөнінде білімдерін кеңейтіп біледі.

**Игереді:** жедел жәрдем,өрт сөндіруші мамандарының жұмыстарын,олардың қажет екенін игерді.

**Меңгереді:** Балалардың қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеп,меңгеру.